

Қошқарбаев Ерболат
Өмір мен Өлім тақырыбын жете түсінуге
арналған материалдар

Өмір және өлім

Өмірдің мәні

*Өлгендер қайтып келмейді,
Шыққан жан қайтып енбейді.*



Дәріс
жоспары:

- Өмірдің жалпы сипаттамасы
- Өлімнің жалпы сипаттамасы
- Өмірдің мәні

Табиғат-Адам-Қоғам

- Миллиардтаған жыл бұрын жаратылыс пайда болады. Шамамен 5 миллиард жыл бұрын күн, 4,6 миллиард жыл бұрын барлық планеталар пайда болады. Солармен бірге жер де пайда болып тіршілік қалыптаса бастайды. Жердің өзінің геологиялық дәуірлері қалыптасқан:
- катархей (4,6 -3,5 млрд. жыл бұрын);
- архей (3,5 млрд – 2,6 млрд жыл бұрын);
- протерозой (2,6 млрд – 570 млн жыл бұрын);
- палеозой (570 млн – 230 млн жыл бұрын);
- мезозой (230 млн – 67 млн жыл бұрын);
- кайнозой (67 млн – қазірге дейін).

Табиғат-Адам-Қоғам

- Жердің мынадай құрамдас бөліктері бар:
- **литосфера** – жердің жоғарғы қатты тас қабығы;
- **атмосфера** – Жердің газ қабығы; Жерді ашық ғарыштан қорғайды; Жердің қызуы мен сууын бір қалыпты ұстайды; 80% - азот және 20% оттегі;
- **гидросфера** – литосфера мен атмосфера аралығындағы жердің су қабаты, ол жер бетінің 70% алып жатыр.
- **биосфера** (грек., **биос** – «**өмір**») – «**өмірмен толған жер қабаты**», **организмдер мен тірі мәнділіктерден тұратын планеталық қабат, қабық.**

Биосфера

- Биосфера барлық тіршілік иелері қызметінің нәтижесі. Бұл терминді **1875 жылы** австриялық ғалым **Э.Зюсс** алғаш қолданды. Биосфера атмосфера, литосфера, гидросфераның жоғарғы бөлігін қамтиды. Биосфераның **жоғарғы шекарасы** Жер бетінен **30 км** биікте, ал **төменгі шекарасы** – Жер бетінен **10 км** төменде. Кейбір организмдер 11 км тереңдікте табылған. Жалпы **өмір** мына температуралық интервалда - 252°C → + **180 °C** – болады. Қазіргі таңда миллионға жуық өсімдік түрі, 1,5 млн жануарлар түрі белгілі.


Биосфера

Міне осы тірі организмдер мекендейтін орта, жер шарының тіршілік тараған аймағы – **биосферада адамзат** тіршілік етеді.

Биосфера – адамзаттың бесігі әрі қоғам болмысының негізі, адамдардың тыныс-тіршілігін, өмір сүруін қамтамсыз ететін орта, биофизикалық және биохимиялық лаборатория.

Биосфера өздігінен өзгеріп, өздігінен ұйымдасатын әрі тұрақтылық пен тепе теңдікті сақтап отыратын айрықша жүйе.

Міне өмір осы сферада ғана...



Өмір зерттелуі

- Өмір барлық ғылымдармен зерттеледі. Жаратылыстану ғылымдарынан – биология, нақты ғылымдардан – медицина, анатомия, кешенді ғылымдардан – экофилософия, биоэтика, биофилософия өмір мәселесін қарастырады. Тіпті астрономия, космонавтика да жерден басқа аумақтарда тіршілік бар-жоғын іздестіреді.
- Ал нақты адам өмірі мәселесін тұтастай философия, оның антропология, экзистенциализм, өмір философиясы бағыттары, виталогия секілді ілімдері қарастырады.

Өмір

- Өмір материяның қозғалысы, қимылы, әрекеті, белсенділігі. Тірі табиғаттың тіршілігі. Тірі организмдердің тірі екендігі, яғни болмыстағы нақты күйі.
- Антропологиядан адамның әлеуметтік, материалдық, рухани, биологиялық мәнін айтқан болсақ өмір осылардың бәрін шарпиды, ал өлім тікелей биологиялық сипатақа қатысты болады екен. Демек өмір адамның болмыстағы бар екені, нақтылы белсенді қозғалыста екені, зат алмасу, көбею, даму секілді физиологиялық функцияларын орындайтын кезеңі, ықпалдарға тітіркеніп, жауап қайтаратын шағы, бар, тірі екені, тәні жанымен бірге кезеңі.

Өмір

- Адам үшін **ең басты құндылық, ең бағалы** нәрсе – өмір. Өмір – адам тіршілігінің негізі, оның сан алуан қажеттіліктері мен талап тілектерін, мақсаттары мен жоспарларын жүзеге асыруының жалғыз, **абсолюттік** мүмкіндігі.
- Өмір болмаса адамның өзі де, өмірдің мәні туралы ойлары да, іс әрекеті де, қуаныш қайғысы да болмайды.
- Конституциямызда **ең қымбат** қазына – адам өмірі деп бекітілген.
- Өмір – **баға жетпес** құндылық, **оған жететін ештеңе жоқ**, сондықтан әр күніңді бағалап, бос өткізбеу керек.
- Өмірді өкінбейтіндей, мүмкіндігінше мәнді өткізуге тырысу қажет.

Өмір

- Адам дүниеге келгеннен кейін тағдырына жазылған ғұмыр жасы біткенше өмір сүреді. Бірақ бәрі бірдей емес, әркім әртүрлі өмір сүреді. Біреу шалқып, қуанып өмір сүрсе, біреу қайғырып мұңайып өмір кешеді. Біреу бақытты, енді біреу бақытсыз ғұмыр кешеді.
- Біреу өмір сүреді, біреу күнелтеді, біреу тіршілік етеді, біреу өзіне өмір болып берілген уақытты өткізеді. Уақытын өлтіре, өзі де өледі.

Өмір

- Өмір – өмірден, ғұмырдан, уақыттан тұрады. Белгіленіп берілген уақыт күн өткен сайын азая береді, таусыла береді, ақыр соңында бітеді.
- Уақытпен бірге өмір құбылыстары мен өмір иесі де өзгеріске ұшырайды. Жолдар да, үйлер де, олардың шатырлары мен гүлзарлары да өзгереді. Жылдар адамның жүрісін, қимыл-қозғалыс, ширақтығын да, бойы мен келбетін де, жасы мен бет жүзін де өзгертеді.
- Күн артынан күн өтеді... Бірақ өмір құр күн өткізіп күнелту емес.
- Өмір – күрес. Сондықтан, тағдыр осы деп әрекетсіз жүруге болмайды (Тағдыр - біздің өмірімізде болуы керек жағдай).

Өмір

- Дөңгеленген дүние. Дүние кезек. Табиғи айналым. Негізінде өмірге қарағанда өлім туралы көп айтылған, көп жазылған. Бұл парадокс. Адам да бірі өлсе, бірі туады. Өмір белгілі бір мезгіл өлшеміне тәуелді. Бұл мәңгілікке жалғасқан үздіксіз процес.
- Өмірдің не екенін білмей тұрып өлімді қайдан білмекпіз, - деген **Конфуций**. **Сократ** болса: «Ащы сабағы мен тауқыметі жоқ өмір – өмір емес», - деген. Өмір шешілуге тиісті мәселе емес, сыналуға тиісті шындық, - деп көрсетеді **Кьеркегор**. «Өмір бірінен соң бірі келетін өзгерістер тізбегі» дейді **Лао Цзы**.

Өмір мен өлім

- Өмір өткінші, өмір шегі – өлім.
- Өмірдің түбі – өлу, шырақтың түбі – сөну.
- Өмірдің өлшемі – уақыт.
- Өмір өлім арқылы ашылады.

Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Секілді өмір қысқа, жарты тұтам,
Надандар деп ойлап жүр өмірді ұтам.

Хагакуре Бусидо: «Бұл өмірде барлығы жалған. Бір ғана шындық бар, ол ақиқат – өлім»



ӨМІР —

тал бесік пен **жер бесік** аралығындағы **ғұмыр**

Өлім

- Медицинада өлім жүректің тоқтап қалуы мен тыныс алудың жетіспеушілігін білдіреді. С.С.Вейль тұжырымына сәйкес «Өлім дене функцияларының қайтымсыз тоқтауы. Адамның өлімі тұтас организмнің өлуі». Демек өлім – жоқ болу, ыдырау, өмірдің аяқталуы – өлу, біту.
- Осымен қатар кома және клиникалық өлім сияқты ұғымдар бар. Кома (сәл) өмір мен өлім арасындағы сыртқы тітіркендіргіштерге жауап бермейтін бейсаналық жағдай ретінде сипатталады, ми қыртысының функцияларының бұзылуынан туындайды, ал клиникалық өлім өлудің қайтымды кезеңі, өмір мен биологиялық өлім арасындағы өтпелі кезең. Бұл кезеңде жүрек қызметі мен тыныс алу процесі тоқтайды, ағзаның тіршілік әрекетінің барлық сыртқы белгілері толығымен жойылады.

Өлім

- Өлім –қорқыныш. Өлім – қайғы. Өлім қасірет. Өлім трагедия. Өлім аққан, төгілген қан. Қан болмағанның өзінде де өлім тамған, аққан көз жасы. Өлімнің түсі қара, сипаты қызыл. Өлім зарлау, еңіреу, жоқтау. Өлім қайғы, қасірет. Өлім орны толмас өкініш. Өлім бұл жанның шығуы. Өлім ісіңнің аяқсыз қалуы. Өлім біреудің жесір, біреудің жетім қалуы. Ажалға бәрібір. Талғамайды. Аямайды. Жас па, кәрі ме, ер ме әйел ме бәрін жалмайды. Сындырады, өлтіреді, шірітеді, жоқ қылады, қараңғы, суық көрге тығады, көмеді.
- Міне сондықтан қазақ – баянсыз жалған, опасыз дүние, қу дүние деп кеткен.

Өлім - қайту

- Өлім өмірмен қоштасу, халқымыз айтқандай – қайту, қайтатан қайту, қайтыс болу. Басқа халықтарда осыған ұқсас мәнде айтады:
- ағылшын тілінде — "to go" (кету), "to take the ferry" (паромға отыру), "to hop off the twig" (бұтақтан секіру);
- неміс тілінде - "die Augen schliessen" (жабу көздер)," heimgehen "(үйге бару);
- итальян тілінде - "ritornerare al nulla" (нөлге оралу);
- испан тілінде - "irse al otro potrero "(басқа жайылымға бару);
- француз тілінде — " casser sa pipe "(телефонды сындыру)," il dit bonsoir a 'la compagnie" (ол компаниямен қоштасты).

Өлім зиратқа апарады

- Көп елде тіпті бейіт, зират сөзін де тіке айтпайды. Оның орнына орыс тілінде "тыныштық орны" ұғымы, ағылшын тілінде — "Құдай акре" (Құдай өрісі), неміс тілінде — "der heilige out" (қасиетті орын), испан тілінде — "чакарита" (шағын ферма), француз тілінде — "бульвар де аллопгес" (ұзартылған бульвар) деген балама айтылады.

Өлім

- Адам – қонақ. Адам бірі біріне қонақ. Адам өмірге қонақ. Пенде – пәни қонағы.
- Ажал айтып келмес, өткен қайтып келмес.
- Өлім – ажал, тажал, дажал, дәджәл, қаза.
- Өлім мен өмір шайқасы – мәңгі сарқылмас, мәңгі толастамас шайқас.
- Өлім – өмірдің аяқталуы.
- Өлу мүмкіндіктен айрылу.
- Өлім бүгінгімен қош айтысып, ертеңінің жолына аттану.

Өлім (компенсаторлық ойлар)

- Өлім мәңгілік тақырып өзегі.
- Өлім – сүйіктіні сүйіктіге қауыштыратын көпір.
- «Жасай берсе ер азады, ер азған соң ел азады».
- «Адам баласы өлу үшін туған».
- «Өзекті ерге бір өлім».
- «Өзекті жанға бір өлім»
- Өлім – адам өмірінің сыры.
- Герольд Бельгер: «Өлім – өмірдің соңы емес».

Дінде

- Әр адамның өміріндегі ең жұмбақ нәрсе – оның өлімі.
- Өлім, қаншалықты кереғар, қорқынышты көрінсе де, өмірлік мәні бар құбылыс. Өлім кенеттен, оқыстан, күтпеген жерден келеді.
- «Өлім» ұғымы «өмір» ұғымымен тығыз байланысты және оның логикалық қорытындысы.
- Адамдар бір-бірімен дүниеде екі рет теңеседі: бірі туғанда, екіншісі дүниеден өткенде.
- Өлім – адамды барлық адамға лайық емес қорлықтан, зорлық-зомбылықтан құтқарушы, азат етуші.

Батыс ойшылдары

- **Артур Шопенгауэр**: «Өлім жақындай түскенде адамның менменділігі жойылады. Бұл түптеп келгенде өлім алдындағы қорқыныш. Өлім – тым шектен асқан менменділікке тіршіліктің қайтарған жауабы».
- **Томас Манн**: «Барлық игі жақсылық пен асыл махаббат үшін өз ойларыңызға өлім туралы ойды кіргізбеңіз».
- **А.де Сент-Экзюпери**: «Адам бұл күйбең тіршіліктегі немесе пьеса делік ойнап жатқан рөлін түсінгенде ғана ол бақытты ғұмыр кеше алады. Пьесадағы рөлі кішігірім, қарапайым болса да, ол жалпы бейненің ажырамас бөлігі. Себебі сонда ғана біз тыныш өмір сүріп, бақиға аттана аламыз. Өмір сүрудің себебі не болса, ол да өлімнің себебі бола алады».

Батыс ойшылдары

- **Евгений Ключев:** «Өлім дегеніміз әркез тек өлім ғана емес, сол сияқты өмір әркез тек өмір ғана емес. Себебі өмірге теңелген өлім, өлімге теңелген өмір бар».
- **Эрих Фромм:** «Адам өз өмір сүруінің дихотомиясынан ешқашан босана алмайды: егер ол тілесе де өзінің рухынан ажырай алмайды және тірі болып тұрғанда өзінің тәнінен де босана алмайды, ал ол тән өмір сүруге тілекті үнемі оятып тұрады».

Батыс ойшылдары

- **Пьер Буаст**: «Әрекетсіздіктің өзі алдын-ала келген өлімге тең».
- **Эрнест Хэмингуей**: «Адамды өлтіріп тастауға болады, бірақ жеңе алмайсың»
- **Эпикур**: Өлімнің бізге қатысы жоқ: тірлігімізде өлім жоқ, өлім келгенде біз жоқпыз
- **Мартин Хайдеггер**: «Өлім – өмірдің қазынасы».
- **Хагакуре Бусидо**: «Бұл өмірде барлығы жалған. Бір ғана шындық бар, ол ақиқат – өлім»

Шығыс ойшылдары

- Рудаки:

Өлген адам оралмас, тірілер жатар көрге кеп,
Әдеті солай дүниенің тұрғалы аспан дөңгелеп

- Хафиз:

Білеміз ғой: уақыт заңы қандай үкім айтарын,
Бұл қара жер кімді қашан бауырына тартарын

ШЫҒЫС ОЙШЫЛДАРЫ

- **Әл-Фараби:**

Бауырым, қанша сүйгенмен,
Өтеді өмір күйбеңмен.

Шындыққа бас тік алаулап,
Пенделіктен бол аулақ

- **Сағди:**

Дариға-ай, өте шықты-ау жастығымыз,
Бақ талай, сауық-сайран, мастығымыз.

Жай ойнақ өтті дәурен басымыздан.

Жасындай өте шықты қасымыздан.

Пәниде мәңгі тұрмас жаның жайнап,

Ауызыңда тілің тұрмас бәрін сайрап

Қазақ ойшылдары

- Бұқар жырау:

Арғымақ жалсыз, ер малсыз

Құдайдың аманат қойған жаны

Қай күні алары болжамсыз!

- Шал ақын:

Өлімнен құтылмайсың қашсаң-дағы,

Атадан арыстан туып ассаң-дағы.

Алладан шыныменен жарлық келсе,

Жұлдыз да жерге түсер аспандағы.

Қазақ ойшылдары

- Шернияз Жарылғасұлы:

Дүниеге қызығамыз иесін біліп,

Аз күнгі қызығына есерленіп.

Жалаңаш кеп, жалаңаш қайтамыз ғой

Мойынға төрт қары бөз тесіп алып.

Сөз сөйлеймін бөлмелеп,

Әр нұсқадан термелеп.

Өлген адам тірілмес,

Әркімге келер бір кезек

Қазақ ойшылдары

- Абай:
- Өлейін деп өлмейді өлерлік жан
Әсте өлмесін білгендей қылық қылған.
Ажал келіп бас салса, жанды ұрласа
Өмір қайда, сен қайда соны да ойла

Дүние даяр өтерге

Ажал даяр жетерге.

Қазақ ойшылдары

- Абай:
- Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.
- Еріксіз түсер ылдидан,
Еркіңмен шығар өр артық.
Тізерлеп өмір сүргеннен,
Көсіліп жатар көр артық.

Қазақ ойшылдары

- Мезгілді уақыт болғанда,
Опасыз мынау жалғанда,
Ажал қарсы келгенде,
Қараңғы көрге кіргенде
Қасыңда тұрар жан бар ма?(Махамбет)
- Тіріден өлген жақсы қадір кетсе,
Өлмей тірі кім жүрер ажал жетсе (Қобылан Бәрібайұлы).

Қазақ ойшылдары

- Тәңірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан-дүр! (Шалкиіз жырау).
- Дүниеден кедей де өткен, сұлтан да өткен,
Шәрбатын бұл өлімнің әркім күткен.
Қоймайды ажал сені тығылсаң да,
Аплогтон ғалым о да қайда кеткен?! (Орынбай).

Қазақ ойшылдары

- Шәкәрім Құдайбердиев:

Қайран,

Қайғысыз қамсыз күндерім.

Сайран,

Сауықты рақат түндерім,

Сендерден не пайда?

Асқан

Алпыста мынау жасымыз,

Қашқан

Шалдыққан ғаріп басымыз

Қаларсың қай сайда?

Өлім жоқ

- **М.Жұмабаев:** «Баланың қабір тасына» өлеңі:
Өлгені емес, жерді тастап кеткені,
Шын бақытқа ерте бастан жеткені.
Ізгі оймен жайлы жанат төрінен
Орын алып Ата-анасын күткелі
- **Жүмекен Нәжімеденов:**
Ғұмыр – сәуле, жылт етіп өте барар,
Бір қиянат жоқ мұнда секем алар.
Сынағынан тәңірдің тез өткен соң
Мәңгілікті бетке алып кетеді олар.
Естілгенмен ой тосын құлағыңа,
Жауап бұл – көкейдегі сұрағыңа.
Біреу ерте, біреу кеш өтіп сыннан
Дамылдайды мәңгілік тұрағына

Артында із қалдыру

- Мұқағали Мақатаев:
Күн демепті, бәтірің талғамапты,
Өмір үшін адамдар қанға батты.
Кеткендердің артында айғыз-айғыз,
Біреуден із, біреуден таңба қапты



Американдық психологтардың өлім сәтіндегі науқастарға жүргізген сынақ нәтижелері:

- Өзінің өлім хабарын естіп жатады.
- Ежелден сезінбеген рахатқа шомады.
- Барлық мүшелері ауырсыну мен сезінуді жоғалтады.
- Ғажайып дауыстарды естиді.
- Өз денесін толығымен көре алады.
- Сөзін басқалар естімейді.
- Жалғыздықты сезінеді. Басқалармен хабарласуға амалсыз қалады.
- Айналасына белгілі-белгісіз адамдар жинала бастайды (қасында ешкім жоқ болса да солай сезінеді)
- Өз денесі тоқтаусыз тәнінен бөлініп, қайта бірігіп жатады.
- Басқа бір әлемге кетіп бара жатады.
- Қараңғы үңгірге еніп бара жатқандай болады.
- Ең соңында әппақ жарық пайда болады.
- Бүкіл ғұмыры көз алдынан өтіп жатады.
- Өмірге қайта оралғандай сезінеді.

Клиникалық өлім тәжірибелері

- Көптеген деректердің арқасында ғалымдар адамның клиникалық өлім кезіндегі тәжірибесін 7 негізгі компонентке бөле алды:
- қорқыныш сезімі;
- жануар және өсімдік бейнелері;
- ашық жарық;
- құдалау мен қауіп сезімі;
- дежавю сезімі;
- достары мен туыстарының жүздері;
- жүрек тоқтағаннан кейінгі сипатқа келмейтін нақты оқиғалар

Имитациялық құбылыстар

- Профессор П.А.Минаков мәйіттердегі тіршілік көріністерін имитациялайтын құбылыстарды жүйелеген:
- 1) қаттылық пен ыдырау нәтижесінде табытта «өлгеннен кейін туған»;
- 2) шіріткіш газдардың денеден шығып, онда қозғалатын шуы;
- 3) кейбір өлім себептері бойынша ұзаққа созылатын жылу;
- 4) көміртегі тотығымен улану кезінде терінің табиғи түсі сақталуы;
- 5) ригор морттистің шешілуі нәтижесінде дене бөліктерінің орналасуының өзгеруі;
- 6) өмір бойы терлеуге алынған суық денеге қоршаған ортадан ылғал тамшыларын тұндыру;
- 7) шіріткіш газдардың жүрек пен қан тамырларына қысым жасауынан жаралардан қанның ағуы.

Ислам діні бойынша

- Ислам діні бойынша адам рухы өмір сүре алатын төрт кезең бар:
- Туылғанға дейінгі өмір.
- Дүниедегі тіршілік.
- Барзах деп аталатын жердегі дененің өлгеннен кейінгі өмірі.
- Жәннатта немесе тозақтағы мәңгілік өмір – ақырет.
- Марқұмның физикалық денесі өлгеннен кейін оның жаны барзах деген ерекше жерге барады. Кейде жердегі өмір мен жәннаттағы немесе тозақтағы шынайы болмыс арасындағы жан күйін барзақ деп те атайды. Барзақта жанның қандай күйде болатынына адамның өмірінде қандай әрекеттер жасағаны әсер етеді. Марқұмның рухы барзақты азап ретінде де, бақыт ретінде де сезіне алады. Алла Тағала ақырет үкімін шығаратын күні өлген адам тәнімен тіріліп, Алланың соңғы үкімінің алдында тұрады.

Өлім түрлері

- **Өз ажалымен өлу.** Организм ресурсы мен энергиясын сарқып тіршілік қуатын жоғалтудан болатын табиғи өлім
- **Патологиялық өлім.** Қандай да бір ауруға душар болып ақыры өлімге алып келуі.
- **Жазатайым жағдайда өлу:** Кездейсоқ өлім, Бақытсыз өлім, Жазатайым өлім
- **Кісі қолынан өлу:** Азапты өлім, Зорлық өлім, Тапсырыспен өлтіру, Соғыстағы өлім
- **Өзін өзі өлтіру:** Өз-өзіне қол жұмсау (Суицид)
- **Заңды түрде өлтіру:**
 - арнайы құқықтық операция кезінде өлтіру (еркінен тыс)
 - өлім жазасы (еркінен тыс)
 - эвтаназия (еркіне байланысты)
- **Жұмбақ жағдайдағы өлім**
- **Өзін өзі өлтіруге жеткізу**

Қазақ ұғымындағы өлім түрлері

- «Ақ өлім». Ажалы жетіп, дәм-тұзы таусылған соң, атаукере, иман суын ішіп, бой жазып, бала-шаға, туыс-туғандарының алдында армансыз көз жұму.
- «Шейіт болу». Отан қорғау жолында жан қиып шейіт болған өлім.
- «Ер өлім». Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді деген мәтелдің көрінісіндей ел қорғап не отбасы мен өзгелерді қауіптен қорғап қаза болу.
- «Қапия өлім». Қапыда, күтпеген жерден, кенеттен келген өлім.
- «Аңғал өлім». Алдағанына сеніп, жауын аяп жаралы болып өлген өлім.
- «Наза өлім». Шарасыз, қорғансыз күйде, қылар қайраты жоқ болып, қорланып өлу.
- «Құса өлім». Қайғыдан қан жұтып құсаланып өлу.

Қазақ ұғымындағы өлім түрлері

- «**Ез өлім**» қауіп-қатер төнгенде отаны мен отбасын қорғау орнына жауға беріліп не жан сауғалап, қашып жүріп өлу, дұшпанына жалынып-жалбарынып жатып өлу.
- «**Қор өлім**». Кезбелікпен, тіленшілік, қайыршылықпен жүріп аштан өлу.
- «**Ит өлім**». Қаңғып жүріп, айдалада ит-құсқа жем болып, көмусіз қалған өлім.
- «**Сұраусыз өлім**». Іздеуші, сұраушысы, туғаны жоқ, тұл өлім.
- «**Арам өлім**». Өзін-өзі өлтіру, суицид.

Суицид

- **М.Фарбер:** «Суицид – бұл саналы, қасақана түрде өзін-өзі жою»
- Суицид «бірден» немесе «баяу» жасалады. Өлу үшін күніне аз мөлшерде «у» қабылдау не зиянды заттарды дозасын арттыра отырып біртіндеп қабылдау арқылы өлу баяу суицид деп саналады.
- Жыл сайын 30 000 американдық, 25 000 жапондық, 20 000 француз, 60 000 ресейлік өз-өзіне қол жұмсайды...
- Өзін-өзі өлтірмек болып, бірақ қолынан келмегендердің саны 7-8 есе көп.

Суицид себептері:

- Материалдық.
- Әлеуметтік.
- Психологиялық
- Моральдық

Стандарттарға, өлшемдерге, критерийлерге сәйкес келмеу де суицидтің негізгі себептері. Қоғам, әлем адамға жат болып кеткендіктен суицидке баратындар саны көбейген. Соңғы уақыттардағы суицидтің кең таралған себептеріне «әділетсіздік» жатқан екен.

Өзіне қол жұмсау тығырықтан шығар жол емес! Өлім есігі әрдайым ашық...

Өлім белгілері саналған ырымдар

- Үйге қарлығаш ұшып кірсе, тауық әтешке ұқсас шақырса, мысық үстелде жатса, көбелек үйге ұшса, бұл көптеген халықтарда әдетте жаман ырым саналып сақтық шаралары жасалған (бұл аурудың немесе өлімнің белгісі саналған; Чехов қайтыс боларда оның терезесіне үлкен панбарқыт көбелегі ұшып келіп, әйнекті қанатымен сабалай бастаған екен)

Өлім белгілері саналған ырымдар

- Дәрігерлер арасында (тек дәрігерлер ғана емес) кейбір адамдар өлімнен бұрын иіс шығарады деген пікір бар. Иістен бөлек химиялық бөліністер де болады. Кейбір биохимиктер «өмірден кейінгі» көріністер немесе денеден тыс тәжірибе эпифиз безі шығаратын галлюциногенді заттардан туындайды деп санайды.
- Ғалымдардың пікірінше, бұл химиялық зат адам өмірінің соңы ретінде миы бастан кешіретін қорқынышты жарақатты жеңілдету үшін өлім немесе өлім қаупі төнген кезде шығарылады.

Танатология

- Өлім, өлім, оның себептері мен өлімнен кейінгі көріністерін зерттейтін ғылым танатология деп аталады. Тантология ақырғы күйлерді, өлу процесінің динамикасын, өлімнің басталуымен бірге жүретін организмдегі патологиялық функционалдық және анатомиялық өзгерістерді, жалпы өлімді, өлім процесін және адамдардың оған деген реакциясын академиялық тұрғыдан зерттейтін ғылыми пән.
- Танатология жалпы және жеке болып бөлінеді. Жалпы танатология өлімнің басталуы мен даму динамикасын диагностикалау мәселелерін, мәйіттік өзгерістерді және өлім себебін анықтау үшін мәйітті зерттеу ерекшеліктерін зерттейді. Жеке танатология бұл мәселелерді әртүрлі ауруларға, механикалық зақымдануларға және басқа себептерге байланысты қарастырады.
- Өлім ілімінің сот-медициналық дәрігерлердің құзыретіне жататын бөлімі сот-танатология деп аталады.

Өлімнен кейінгі өмір

- Доктор Раймонд Моудидің «Өлімнен кейінгі өмір» еңбегі ең танымал кітаптарының бірі.
- Доктор Моуди кітапта қайтыс болғанын анықтағаннан кейін өмірге қайта оралған жүздеген адамдардың зерттеулерінің нәтижелерін қорытындылады.

ӨЛМЕСТІК ТҰЖЫРЫМДАРЫ:

Адамның ақыл-ойы - электромагниттік энергия. Ал энергия жойылмайды. Демек, адамның ақыл-ойы да жойылмайды.

Егер ақыл-ой, ғылым көрсетіп отырғандай, денеге тәуелсіз қызмет етсе, дене өлгенде, денеге қарамай-ақ ақыл денеден тәуелсіз өмір сүре береді.

Жеке адамның ақыл-ойы мен санасы денесінде яки миында болмаса онда олар идеялар әлемінде, абсолюттік рух әлемінде, ментальдық әлем арқылы өткен астральдық әлемінде, біз бен ата-бабаларымыздың, күллі адамзаттың логосын сіңіріп, тұндырып тұрған бейнелер әлемінде.

ӨЛМЕСТІК ТҰЖЫРЫМДАРЫ:

- Табиғат миллиондаған жылдар ішінде миллиондаған түрлерді сақтап қалса, ол да адамның ақыл-ойы мен оның орасан зор шығармашылық қабілетін сақтауға ұмтылуы керек деп ойлау қисынды.
- Табиғат күшті және құнды нәрселерді сақтайды, ал бұл планетада бұрын-соңды дамып келе жатқан ең құнды нәрсе - адамның ақыл-ойы болып табылатындықтан голографиялық тәртіпте ақыл-ой, рух, сана сақталады.

ӨЛМЕСТІК ТҰЖЫРЫМДАРЫ:

- Осылайша, біз өлгеннен кейін физикалық дене негізгі элементтерге ыдырайды, содан кейін оларды табиғат басқа тіршілік формаларын қалыптастыруда пайдаланады. Таза электромагниттік энергия болып табылатын, денесі мен физикалық субстанциясы жоқ ақыл астральды әлемде өмір сүруін жалғастырады, онда ол осы әлемнің ұжымдық естеліктері мен тәжірибесінің бір бөлігіне айналады. Ол адам рухымен, жеке тұлғаның жеке басымен сәйкестендіріледі және ол арқылы біз әлемде өзімізді танимыз. Материя әлемі біздің өлімімізде жойылып кетсе де, ақыл әлемі - біз әр түнде батып кететін шынайы болмысымыз - физикалық өмір аяқталғаннан кейін санамыз өмір сүруін жалғастыратын соңғы орны.

ӨЛМЕСТІК ТҰЖЫРЫМДАРЫ:

- Дегенмен, өлімнен кейінгі кезең әлі күнге дейін адамзаттың ашылмаған сыры болып келеді. Бұл айтылғандар теория болып саналғанмен дәлелдер аз болып келеді. Бірақ одан кейін не болса да, адамдар үшін барлық жалпы тіршілік иесі үшін өлімнен қорқынышты ештеңе жоқ, әсіресе жақындардан айырылу адамға үлкен психикалық соққы болып қала береді. Сонымен, мың тылсымды мәселе бір ғана презентация ауқымына сыймасы анық. Ендігі кезекте өмірдің мәні.

Өмірдің мәні

- Адамның өмірінің мәні оның іс-әрекеттерінің негізгі мақсаты мен мұратынан тұрады.
- Өмірдің мәні жеке адамның дүниетанымдық жүйесінің көрсеткіші, моральдық нормаларды бейнелейтін реттеуші ұғым.
- Адам өмірінің мәні белгілі бір тұтынушылық стандарттар мен жеке бастың қамының қамтамасыз етілуімен байланысты екенін де жоққа шығаруға болмайды. «Қара жамылған адам біреудің қуанышын қалай бөліседі немесе аяқ киімің тар болса дүниенің кеңдігінен не пайда» деген сөздер бекер айтылмаған.
- Өмірдің мәні әр жеке адам үшін өзінше, қайталанбас өзгешелігінен туындайды.

Өмірдің мәні

- Адам өмірінің мәні оның әлеуметтік жағдайларымен айқындалады. Адам — белсенді әрекет иесі болғандықтан қоғамдық өмірде жетіліп, өзгереді, егер мықты болса өзі өзгеріп қана қоймай өзгертеді де. Қоғам өмірі, заман өзгеріп, тарих жылжыған сайын адам өзгеруімен бірге оның өмірінің мәні де өзгереді. Өмірдің мәні өзгеруімен құндылықтар да өзгереді.
- Тіршілік мұраты – осы шектеулі өмірді мағыналы, мәнді өткізу.
- Жақсы адамның өлімі де өнеге
- Артыңа пұл қалдырғанша, ұл қалдыр, бөз қалдырғанша, сөз қалдыр

Өмірдің мәні мен бақытты түсінбекке
байланысты көптеген бағыттар қалыптасқан:

Гедонизм

Эвдемонизм

Утилитаризм

Акмеология

Фелицитология

Бақыт сезімдік күй ретінде

- Өмірдің мәні – бақытты болуда.
- Бақыт – адамның рухани-материалдық толық объективті қанағаттануының, өмірінің кемелдігі мен маңыздылығын ұғынуының, адамдық мұратына жетуінің жай-күйі.
- Бақыт – жанның жадырауы, көңілдің шарықтауы, жағымды эмоциялардың доминантасы, мұраттың сезімдік-эмоциялық формасы болып табылады.
- Бақыт – адамға өмірлік рухани күш беретін қуат көзі

Бақыт ұғым ретінде

- Бақыт ұғымы сипаттаушы және ұсыныстық мәнге ие.
- Бақыт ұғымы:
- нақтылы объективті жағдайды да, адамның субъективті жай-күйін де сипаттайды.
- адам өмірінің қалай болуы керек екендігін, ол үшін ненің игілікті бола алатынын ұсынады.
- бұлардан бақыттың нормативті-бағалық сипаты айқындалады.
- Бақыттың мазмұны әр адамның өз өмірінің мұраты мен мағынасын қалай түсінуіне байланысты.

Өмірдің мәні

- Өмірдің мәні:
- Амандық
- Денсаулық
- Байлық
- Еркіндік
- Демократия
- Шығармашылық
- Пайдалылық
- Сый-құрмет
- Танымалдық т.б.